

8 дәріс. Балаларға арналған музейлер тарихы

Жоспар:

1. Балалар музейлерінің қалыптасу алғышарттары
2. АҚШ және Еуропадағы балалар музейі
3. Ресейдегі балалар музейі

Американдық жасөспірімдер музейлері ассоциациясының мәліметтеріне сүйенсек ХХ ғ. 90-жылдарының орта шенінде әлемде 400-дей музей болған екен. Олардың 300-ге жуығы бір ғана АҚШ-та тіркелсе, қалғандары әлемнің өзге өңірлерінде, негізінен алғанда Еуропа елдерінде. Жалпы алғанда балалар музейінің қалыптасу тарихы ХІХ ғ. бастау алады.

1872 ж. Уэльс принцінің бастамасымен Лондонда балалық шақ музейі ашылады, соған байланысты Балалар музейінің отаны Англия болып саналады. Оңтүстік-Кенсингтон музейінің бір бөлімі ретінде құрылған бұл музей, көне заттар коллекциясын жинаумен айналысты. Оның ішінде басым көпшілігі костюмдер, ойыншықтар және әр түрлі елдердің ойындары болды. Музей келушілер арасындағы танымалдығына қарамастан, ол өзінің балалар және мұғалімдермен тығыз қарым-қатынастағы жұмысын тек 1920 ж. ғана бастаған еді. Музейдің бүгінгі күнгі бағдарламалары әр түрлі тарихи кезеңдерге (ХVII-ХХ ғғ.) шолу жасауға ғана арналған.

Музей коллекциялары арқылы баланы қоғамдағы өмірге үйрету, оқыту және дайындау сияқты мақсаттарды алдына қойған АҚШ-тың балалар музейімен салыстырғанда, Англия музейлерінің міндеттері шектеулі болды. Сондықтан да болар, көптеген мамандар балалар музейінің отаны АҚШ деп есептейді. Зерттеушілер АҚШ-та балалар музейінің қалыптасу тарихын төмендегідей 3 кезеңге бөліп қарастырады:

– 1899-1925 жж. аралығы. Алғашқы балаларға арналған музейлердің қалыптасуы: Бруклин балалар музейі (1899), Вашингтондағы Смитсон музейіндегі балалар бөлмесі (1901), Бостондағы балалар музейі (1913), Детройттағы балалар музейі (1917), Индианаполистегі балалар музейі (1925). Осы кезеңде Бруклин балалар музейінің негізін қалаушы Анна Биллинг Галлуптың қызметін ерекше атап өтуге болады. Ол ең алғашқы болып балалар музейінің концепциясын жасап, сол идеяның белсенді насихаттаушысы болды;

– 1925 -1960 жж. Бұл жылдар аралығын музейде балалармен жұмыс істеу тәжірибесінің жинақталуымен және жетілдірілуімен сипаттауға болады. Ең маңыздысы осы уақытта балаларға арналған музейлердің қызметі талданатын алғашқы мазмұнды монографиялар жарық көреді;

– 1960 жылдардан бастап АҚШ-та балалар музейінің қайта өрлеу кезеңі басталады. Қайта өрлеу тек жаңа музейлердің қалыптасуымен ғана емес, балаларға музей кеңістігін ұйымдастырудың концепциясын жаңаша қараумен сипатталады. Осы ретте Михаэл Спок пен Франк Оппенхеймердің қызметтерін ерекше атап өтуге болады.

Ендігі жерде осы кезеңдерге қысқаша шолу жасап кетсек. 1899-1925 жж. аралығында мұнда жалпы педагогикалық концепцияны негізге алған музейлер

тобы пайда болды. Солардың ең алғашқысы Бруклин балалар музейі (Нью-Йорк) жаратылыстану тарихының мұғалімі А.Галупп бастауымен ашылған болатын. Оның концепциясы бойынша, музейге келген балалар тек әртүрлі экспонаттарды көріп қана қоймай, сонымен қатар, өздерін қызықты және әртүрлі оқиғалардың еркін қатысушылары ретінде, шытырман оқиғалардың ішінде жүргендей сезінетіндей болуы керек. Бұл музейдің коллекцияларының негізін Бруклин өнер және жаратылыстану музейінің 1899 ж. сыйға тартқан және әртүрлі модельдермен толыққан экспонаттары құрайды. Музейдің алғашқы он жылында оған жыл сайын 94 мыңдай оқушылар мен студенттер келіп отырған. Осы музейдің негізінде 1938 ж. «Бала өз әлемін зерттейді» атты фильм түсіріліп, ол балаларға арналған музейлердің дамуына үлкен септігін тигізеді.

Университет оқытушылары мен мектеп мұғалімдері бірлесуінің нәтижесінде Бруклин музейінің үлгісі бойынша құрылған Бостон балалар музейі алғашқы болып зағип жандар мен құлағы естімейтіндерге арналған арнайы оқу бағдарламасы ұйымдастырады. Сабақтарда жергілікті жаратылыстану тарихы музейінің экспонаттарын қолданылады. Екі кішігірім көрмеден бастаған бұл музей біртіндеп ұлғайып, 1915 ж. этнологияға ғана арналған бір қабаттық көреме ашылады. Осы жылы мектеп оқушыларына 255 музейлік лекция ұйымдастырылады.

Жоғарыда айтылған екі музейден бөлек, Смитсон институтында алғашқы балалар бөлмесі ашылады. Оның экспозициясы мен кеңістігін қалыптастыруда балалардың қызығушылығы мен қабылдау деңгейі ескеріледі. Мәселен, бөлме экспозициясында «тірі экспонаттар» аквариумдағы балықтар, тордағы құстар т.б. болды. XX ғ. басында балалар музейі АҚШ-тың Бостон, Детройт, Индианополис және т.б. үлкен ірі қалаларында ашыла бастады. Бұлардың барлығы қоғамның білім беру сұранысына бағытталған жеке педагогикалық бастамалардың нәтижесі болды.

АҚШ-ғы тәрізді Еуропада балаларға арналған музейлердің өзіндік даму тарихы болды. Еуропа елдеріндегі музейлер 1970 жылдан бері қарай қарқынды түрде құрыла бастайды, 1990 ж. орта шенінде олардың саны 30 асады. Олардың ішіндегі ең атақтылары: Амстердам Тропикалық музейінің балалар бөлімі, Гаагадағы «Музеон» атты балаларға арналған білім беру орталығы, Францияның Ла Вилетт қаласындағы «Ивенториум» музейі, Австрияның Вельхен қамалындағы «Балалар әлемі» музейі, Лондондағы «Ашылулар фабрикасы» музейі және т.б. Бүгінгі күні Еуропада Хельсинкидегі Ойыншықтар музейі, Словенияның Қазіргі заман тарихы музейіндегі «Герман каморкасы» музейі, Италиядағы әлемдегі жалғыз Ойыншық солдат музейі ерекше танымалдылыққа ие. Балаларға арналған музейлердің қалыптасуы жағынан Германия Еуропаның өзге елдеріне қарағанда бір табан алдыда тұр. Мысалы, 1990 ж. соңына қарай Германияда 30 шақты балалар музейі есепке алынған.

АҚШ-тың балалар музейі Ресейде балалар музейі концепциясының жасалуына өз ықпалын тигізді. Орыс зерттеушісі А.У. Зеленко 1903-1904 жж. Солтүстік Америкада іс-сапарда болып, кейіннен сол жақтағы балалар музейі

калыптасцының тәжірибесі жайлы кітап жазды. 1920 ж. Мәскеуде Ойыншықтар музейі ашылды. Музейдің авторы суретші әрі ойыншық жасаушы Н.Д. Бартрам болды. Ол өмір бойы ойыншықтар жасаумен және оларды зерттеумен айналысты. Төрт залдан тұратын музей экспозициясы бала өмірінде маңызды орын алатын ойыншықтар мен ойыншықтардың даму эволюциясын көрсетті. «Бала қуанышы» деп аталатын бірінші залда дәстүрлі халық шеберлерінің қолынан шыққан ойыншықтар көрсетілді. «Өмір айнасы» деп аталған екінші залда белгілі бір халықтың тұрмысы мен тарихын көрсететін ойыншықтар топтастырылды. Үшінші зал қуыршақ театрының үлгісінде жасалды. Төртінші зал экспозициясында ойыннан білімге қарай және ойыншықтан кітапқа қарай бағытталған жол сезіліп тұрды. Бір ерекшелігі музейдің қабырғаларын XIX ғ. алғашқы жартысындағы балаларының портреттері безендіріп тұрды. Музейде арнайы шеберхана болды, онда балалар үлкендердің қадағалауымен әр түрлі ойындар ойнады. Соның барысында жаңа ойындар ойлап табылды, сонымен бір мезетте балалардың ойын сәттері зерттеліп отырды. Тіпті, Мәскеу қуыршақ театрларының қойылымдары музей өмірінің бір бөлігіне айналады.

Он жыл уақыттан кейін педагог әрі музей қызметкері Я.П. Мексиннің бастамасымен Мәскеуде балалар кітабы музейі ашылады. Оның мақсаты 8 бен 16 жас аралығындағы балаларды кітаптың тарихымен, мазмұнымен, безендірілуімен және өмірімен таныстыру болды. Балалардың кітап көрмесі негізінде құрылған музей - динамикалық экспозиция, ойын зонасы, кітапхана және шеберханасы бар жартылай қызмет көрсететін кеңістікке айналады. Музей экспозициясы, оның кейбір жеке бөліктерінің ұйымдастырылуына балалардың өздері қатыса алатындай етіп құрылған болатын. Кітаппен жақын танысқысы келгендер әдеби, редакциялық, техникалық және басқа да үйірмелерге қатысуға мүмкіндік алды. Жоғарыда аталған музейлерден ерекше тағы бір балалар музейі 1920 ж. Харьков қаласында ашылады. Бұл музей атақты ғалым, өнертанушы және музей қызметкері Ф.И. Шмиттің бастамасымен бірінші көркемөнер көрмесінің негізінде ұйымдастырылды және басқа да музейлермен, көркем-тарихи кітапханамен көршілес орналасты. Ф.И. Шмит балалар музейін баланың ағартушылық кеңістігі мен шығармашылық белсенділігін көрсететін орын деп қабылдап, сонымен бір уақытта оны балалар шығармашылығының психологиясын зерттейтін шеберхана немесе орталық деп есептеді. Музей көркемдік дайындығы мен дарындылығына қарамастан барлық жастағы өнерге қызығушылардың дайындалуына мүмкіндік берді. Сабаяқ барысында салынған суреттердің барлығы экспозицияда көрсетілді.

Ресейдегі балалар музейіне қызығушылықтың жаңа толқыны 1980-1990 жж. басталды, бұл кезеңде музейге мектеп аудиториясына педагогикалық әсерді күшейтетін құралдардың бірі ретінде қарай бастады. XX ғ. аяғындағы қоғамдық-саяси өзгерістер музейдің білім беру қызметінің және онда музей-педагогикалық саланың жандануына өз әсерін тигізді. 1996 ж. бастап Мәскеуде «Балалар ашық музейі» автономдық коммерциялық емес ұйым ретінде құрылды. Оның ашықтығы әлеуметтік-бейімделу бағытындағы

жобалар ретінде жасалатын білім берудің жаңа технологияларын игеруінде болып табылады.

Жоғарыда аталған «білім беру» музейлерінің барлығы білім беру орталығына айналды. Олар педагогикалық эксперимент және жаңа психология-педагогикалық көзқарастар мен әдіс-тәсілдердің өмірге келуіне мүмкіндік берді. Білім, тәрбие берудің педагогикалық функцияларының тиімді әдістерін жүзеге асырудың зертханасына айнала отырып, олар музей және білім беру қызметінің кеңістігіне ұласты. Олар оқу үдерісінде көрнекі құралдарды тиімді пайдалану үшін музей коллекцияларын гуманитарлық және жаратылыстану деп екіге бөліп көрсетуді ұсынды.

Балалар музейінің келесі бір даму идеясы Халықаралақ музейлер кеңесінің қызметіне тікелей байланысты болды (ICOM). 1947 ж. ICOM-да балалар музейі бойынша әр түрлі мемлекеттер мамандары арасында байланыс орнатуға тырысқан арнайы топ құрылды, ол ағартушылық және білім беру қызметімен айналысты. ICOM-ның бас кеңесіне ұсынылған материалдың негізінде әлемнің барлық музейлерінде балалармен жұмысты ұйымдастырудың қажеттілігі туралы америка жағынан резолюция дайындалды. Балалар музейі деп барлығы балалар үшін және оның тұлға ретінде қалыптасуы үшін жағдай жасаған музей айтылды.

Халықаралық қауымдастық балалар музейін тәрбие және білім беру міндеттерін шешудің тиімді құралы ретінде қарастырды. Европада сол кездерде мұндай музейлер әлі жоқ еді, тек қызметі мен міндеттері теориялық негіздеме алған америка балалар музейінің тәжірибесі ғана қарастырылып жатты. Музейдің балалармен жұмысының әрі қарай дамуы мен балалар музейінің болашақтағы тағдырына Еуропа және Америка құрлықтарының 40 аса мемлекет өкілдерін жинаған Бруклиндегі (Нью-Йорк, 1952) конференцияның маңызы ерекше болды. Онда балалар музейінің мәселелері қарастырылып, балалар музейі білім берудің міндеттерін анықтайтын өміршең, қарқынды дамушы әлеуметтік институт ретінде танылды. Сонымен қатар әлемнің әр түрлі елдеріндегі музей мен мектептің өзара байланысы моделдеріне де басты назар аударылды.

Бір айта кетерлігі, балалар музейінің америкалық концепциясы дербес әлеуметтік институт ретінде және баланың «білім пирамидасы» негізінде Еуропа елдерінде қолдау таппады. Конференцияның еуропалық қатысушыларының пікірінше, балалар музейінің мақсаты – балғын көрермендердің «үлкендер» музейіне бейімделуіне көмектесу болды. Еуропалық мамандар (Ж.Кар және т.б.) өздерінің ұстанымдарын баланың «еуропалық» концепциясының негізінде құрды. Ол бойынша бала қажеттіліктері үнемі өзгеріп және білім деңгейі көбейіп отыратын тұлға ретінде қарастырылды. Сондықтан да Ж.Кар оларды үлкендерге арналған музейге біртіндеп бейімдеуді ұсынды. Сол арқылы баланың ғылым, өнер және тарих салалары бойынша білімі біртіндеп өседі деп санады. Еуропалықтар музей ортасында бала тек үлкендермен (ата-аналар, оқытушылар, музей қызметкерлері) қарым-қатынас арқылы ғана музейдің экспозициясындағы заттарды өз мәнінде қабылдайды деп сендірді. Сол арқылы экспозицияның

дидактикалық интерпретациясы негізіндегі музейлердің ағартушылық-білім беру қызметіндегі музей педагогының ролі көрсетілді.

Жоғарыда келтірілген шетелдік тәжірибенің негізінде балалар музейінің қызметіне төмендегідей тұжырымдар жасауға болады.

Балалар музейінің ерекшелігі келесі жағдайлармен анықталады:

- үлкендер музейі коллекцияларының бейіндік бағытта болуы;
- белгілі бір музей ортасының ерекшеліктері мен қалалық әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі деңгейі бойынша;
- балалар музейінің негізі музей қызметі орындарымен өзара қарым-қатынас деңгейі бойынша;
- қаланың немесе аймақтың білім беру мекемелерімен өзара қарым-қатынас деңгейі бойынша;
- музейдің кәсіби мамандармен қамтамасыз етілуі бойынша.

Баланы эстетикалық бағытта дамыту мен өнерге тәрбиелеуде маңызды роль атақаратын өнер музейі ортасында бейіндік ерекшелік былайша толығыады:

- музейдің қазіргі өнер үдерісіне қосылу дәрежесі бойынша;
- өнер туындылары және материалдық-көркем қызметпен арадағы диалог негізінде баланың шығармашылық дәрежесін дамыту мүмкіндіктері мен жағдайлары негізінде;
- бала шығармашылығы мен «үлкендер» өнері арасындағы қарым-қатынас бойынша.

Балалар музейінің педагогикалық міндеттері төмендегідей:

- баланың визуальды сауаттылығы мен ойлау қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту;
- музей ескерткішінің тілін түсіне біліуді қалыптастыру;
- ойын арқылы басқа да педагогикалық әдістер мен формаларды игеру;
- әртүрлі студиялық үйірме жұмыс түрлері арқылы баланың көркем шығармашылығын дамыту;
- музей материалы мен музей ортасы негізінде тұлға арасындағы қарым-қатынасты дамыту;

Балалар музейі қызметінің ұстанымдары:

- көрнекілік;
- музей кеңістігінің интерактивтілігі және көп салалығы;
- осы кеңістіктегі психологиялық жайлылық және іс шараның қауіпсіздігі;
- баланың материалдық-көркем қызметпен айналасуына жағдай жасау;
- осындай қызметтің қортындыларын жариялау.

Балалар музейінің жұмыс түрлері:

- студиялар мен үйірмелер;
- көрмелер;
- жарыстар, байқаулар мен мерекелер;
- ақпараттық, ғылыми және әдістемелік материалдарды жариялау;
- балалар шығармашылығы қоры және көркем-педагогикалық мұрағат.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, берілген тақырып бойынша төмендегідей басты мәселелерді бөліп көрсетуге болады:

– музейдің білім беру қызметі қоғамдағы болып жатқан әлеуметтік-саяси және экономикалық үрдістерді көрсетеді;

– музейдің білім беру қызметінің дамуы білім саласындағы реформалармен негізделеді;

– көрнекі оқыту идеялары мектеп, педагогикалық және балалар музейлерінің пайда болуына негіз жасады;

– жаратылыстану ғылыми музейлерінің білім беру қызметі келушінің тәжірибелік қызметінің қалыптасуына ықпал жасайды;

– көркем музейлердің білім беру қызметі дамыту арнайы бейнелеу өнерінің мамандандырылған көркем өнер білімімен және эстетикалық тәрбиемен байланысты;

– педагогикалық шектеу және балалар музейінің дамуы білім беру бағытындағы тұлғалық қызметімен байланысты болды.

Тақырыптың мамұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар

- 1. Музейлік білім беру қызметіндегі танымдық тұрғы ерекшелігін анықтаңыз.*
- 2. Музейлік білім берудегі әлеуметтік тұрғының деңгейлерін көрсетіңіз.*
- 3. Кәсіби музейлердің қалыптасу тарихына тоқталыңыз.*
- 4. Кәсіби музейлердің білім беру қызметінің ерекшелігін сипаттаңыз.*
- 5. Педагогикалық және мектеп музейлерінің арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді көрсетіңіз.*
- 6. Балаларға арналған музейлердің құрылу тарихы және олардың қызметі*